

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысының
№2 хаттамасы**

Қордай ауылы
«АМАНАТ» мәжіліс залы

03.02.2026 жыл
сағат 11:00

Шақырылғандар: Аудандық қоғамдық кеңес мүшелері

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 7 адам

Қатыспағандар: - 4 (Агибаева К.,-денсаулығына байланысты, А.Алмабаева, Ж.Орақбай – себепті)

Төрағалық етуші: Н.Молдабеков

Күн тәртібі:

1. «Қазақстандағы конституциялық реформа» тақырыбында сарапшылық талқылау;

Н.Молдабеков:

Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?

Ұсыныс – Бекітілсін.

Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.

Баяндамашыға 5-7 минуттан уақыт белгілейік

Сөз сөйлеушілерге - 3 минуттан уақыт белгілейік, келісесіздерме?

Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ. Онда ұсынысты дауысқа қоямын.

Қарсы? – жоқ. Қалыс? – жоқ.

Н.Молдабеков: «Қазақстандағы конституциялық реформа» тақырыбында сарапшылық талқылауға арналған Қордай аудандық Қоғамдық кеңес мүшелерінің кезектен тыс отырысында былай деді: Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасын жариялады. Құжат азаматтар, партиялар, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылар алты ай бойы жолдаған екі мыңна астам ұсынысы негізінде әзірленді.

Реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында айтылған бір палаталы Парламент Құру бастамасынан бастау алды. 2026 жылы қаңтарда құрылған Конституциялық комиссия құрамына 130 алам кірді, барлық өңір мен әлеуметтік топтар қамтылды.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформалардың маңызы, оның қоғамды демократияландырудағы рөлі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған негізгі өзгерістер болып табылады.

Жиынды ашқан Қоғамдық кеңес төрағасы Нұржан Молдабеков Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Ұлттық құрылтайда бастау алған ауқымды конституциялық реформалар туралы айтып, еліміздің мемлекеттік құрылысының жаңа

кезеңі басталатынын жеткізді. Жаңа өзгерістер, оның ішінде Мемлекет басшысы ұсынған өзгерістерді жүзеге асыруда бірлігіміз айрықша мәнге ие», - деді Нұржан Смағұлұлы.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформалардың маңызы, оның қоғамды демократияландырудағы рөлі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған негізгі өзгерістер, яғни Әділеттік, Заң, Тәртіп, экология-конституциялық қағидаттар.

Егемендік, тәуелсіздік, аумақтық тұтастық- өзгермейтін құндылықтар. Мемлекеттік биліктің бастауы-Қазақстан халқы. Ел болашағы- білім, ғылым, мәдениет және инновация, Цифрлық ортадағы құқықтарды қорғау алғаш рет енгізілді.

Институционалдық жаңалықтар: олар 145 депутаттан тұратын бір палаталы Парламент-Құрылтай. Пропорционалды сайлау жүйесі, депутаттар – 5 жылға сайланатын болады. Қазақстанның халық кеңесі- заң шығару бастамасы бар консультативтік орган болып табылады. Вице президент институты енгізіледі. Адвокатура, зияткерлік меншік, «Миранда ережесі», Конституция деңгейінде бекітіледі.

Қоғамдық және рухани қағидаттар: Зайырлы мемлекет қағидатты күшейтіледі. Неке-ер мен әйелдің тең құқығы одағы, кінәсіздік презумпциясы мен азаматтардың құқықтық кепілдіктері кеңейтіледі. Жаңа редакцияда: Преамбула, 11 бөлім, 95 бап ұсынылып отыр. Ұсыныстар қабылдануда, соңғы шешімді халық жалпыұлттық референдумында қабылдайды. Референдумды Мемлекет басшысы жариялайды.

Жиында кеңес мүшелері елімізде жүргізіліп жатқан конституциялық реформа кешенді әрі жүйелі сипатқа ие екенін айтты. Алдағы өзгерістер парламенттік реформалар аясынан шығып, Ата заңымызды тұтастай қамтып отыр. Оның айтуынша, қазірдің өзінде Конституцияның 80-ге жуық нормасына өзгеріс енетіні белгілі болды. Бұл басты құқықтық құжатымыздың 84 пайызын құрайды. Депутаттар өзін ұсыну алынып тасталды және партиялардан өтеді. Дін мәселесі ата заңға енгізілмеген, басқа да көптеген өзгерістер болатыны анық.

Қоғамдық кеңес мүшелері реформалардың жергілікті деңгейде тиімді іске асырылуына қатысты өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды. Кездесу қорытындысы бойынша аталған бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастырудың маңыздылығы атап өтілді және аудандық қоғамдық кеңес мүшелері «Қазақстандағы конституциялық реформаны» бірауыздан қолдады.


Осымен күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Сіздерге көп рахмет, Қоғамдық Кеңестің отырысын жабық деп жариялаймын деп,- сөзін аяқтады.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева